

**Басқарманың _____ ж. _____ «Pay&Drive» науқанын өткізу туралы
шешімінің 1-қосымшасы**

«Pay&Drive» науқанын өткізу ережесі

1. Осы «Pay&Drive» науқанын өткізу ережелерінде (бұдан әрі – "Ереже") «Pay&Drive» науқанын (бұдан әрі - "Науқан") өткізу тәртібі мен талаптары айқындалады.
2. Науқан жеңімпаздары Ережеде баяндалған өлшемдерге сәйкес анықталатын болады.
3. Науқанды ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев к-сі 56 мекенжайында орналасқан "Еуразиялық банк" АҚ (БСН 950240000112) (бұдан әрі – "Банк") болып табылады.
4. Науқан "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және "Лотереялар және лотереялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мағынасы мен анықтамасы бойынша құмар ойын және/немесе лотерея болып есептелмейді.
5. Науқанға қатысу үшін ақы алынбайды.
6. Науқанға 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, Ереженің барлық талап шарттарын тиісті түрде орындаған Еуразиялық банктің Mastercard карта иелері-жеке тұлғалар (бұдан әрі - "Қатысушы") қатыса алады.
7. Науқанға Банк қызметкерлері, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері, Банкпен айрықша қатынастар арқылы байланысты тұлғалар қатыспайды.
8. Науқанның жүлде қоры:

№	Жүлденің атауы	Жүлделердің жалпы саны, данасы	Жеңімпаздар саны
1	1-санаттағы жүлделер - Автомобиль	3	Негізгі - 3 Қосалқы - 9
2	2-санаттағы жүлделер - 2-санаттағы жүлделер - 1 млн. теңгеге Сертификат	9	Негізгі - 9 Қосалқы - 27

9. Науқанды өткізу кезеңі: Астана қаласының уақыты бойынша 2025 жылғы 17 қараша күні 00 сағат 00 минуттан бастап 2026 жылғы 16 ақпан күні 23 сағат 59 минутқа дейін (бұдан әрі - "Науқан кезеңі").

10. Науқанға қатысу талаптары:

10.1. 1-ші және 2-ші санаттағы жүлделердің ұтыс ойындарына (ай сайын 3 ұтыс ойыны) қатысу үшін Науқан өткізу кезеңінде Банк шығарған Mastercard төлем карточкасымен бүкіл Науқан бойы кемінде 5 сатып алу 200 000 (екі жүз мың) теңге сомасында (жиынтығында) сауда жасау қажет (Банктің мобильді қосымшасы (Eurasian Bank) арқылы төлемдерді, төлем карточкасынан төлем карточкасына (оның ішінде ұялы телефон нөмірі бойынша) екінші деңгейдегі басқа банкке/Банк ішіндегі аударымдарды, банкоматтар мен кассалардан қолма-қол ақшаны алатын операциялардан басқа, Банктің төлем карточкаларын пайдалана отырып, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеу).

Егер карта иесі 200 000 (екі жүз мың) теңгеден 5 рет сауда жасаған жағдайда, оның жеңіске жету мүмкіндігі пропорционалды түрде артады.

Mastercard картасы бойынша 5 рет сауда жасаған жағдайда әрбір 200 000 (екі жүз мың)

теңгеге жүргізілген төлемдер үшін клиентке Ұтыс ойынына қатысушылар тізімінде қосымша жазба жасалады, бұл оның ұтып алу ықтималдығын арттырады.

10.2. 1-ші және 2-ші санаттағы жүлделердің ұтыс ойыны төменде көрсетілген кестеге сәйкес Науқан Кезеңі бойы, ай сайын (жұмыс күні) өткізіледі. Қатысушылар тізімі осы Ереженің 10-тармағы 10.1-тармақшасында көрсетілген Науқанның барлық талаптары сақтала отырып, ай сайын жаңартылады:

1-кезең – 17.11.2025 ж. бастап 16.12.2025 ж. дейін	Жүлделердің ұтыс ойыны – 24.12.2025 ж.
2-кезең – 17.12.2025 ж. бастап 16.01.2026 ж. дейін	Жүлделердің ұтыс ойыны – 23.01.2026 ж.
3-кезең – 17.01.2026 ж. бастап 16.02.2026 ж. дейін	Жүлделердің ұтыс ойыны – 20.02.2026 ж.

10.3. Банк біржақты тәртіппен және Қатысушыларды алдын ала хабардар етпей, маркасын, моделін, түсін, жиынтығын және өзге де ерекшеліктерімен қоса, бірақ олармен шектелмей, 1-санаттағы жүлде сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқылы.

10.4. Сондай-ақ Банк өз қалауы бойынша Науқанға қатысушыларды алдын ала хабардар етпей, Науқан шеңберінде сертификаттарды (2-санаттағы жүлделер) беретін жеткізушілерді, әріптестерді және/немесе ұйымдастырушыларды өзгертуге құқылы. 2-санаттағы жүлделерді немесе сертификаттарды жеткізушіні ауыстырған жағдайда, Банк Қатысушыларға құны мен мақсаты бойынша ұқсас жүлделерді ұсынатынына кепілдік береді.

10.5. Қатысушы жүлдені тек 1 (бір) рет ұтып ала алады, екінші рет жеңген Науқан Қатысушысы ұтыс ойындарына қатыса алмайды.

10.6. Банк жеңімпаздардың Науқанға қатысуына, 1-ші және 2-ші санаттағы жүлделерді алғанына, пайдалану немесе пайдалана алмайтындығына байланысты кез келген шығыстары үшін жауапты болмайды.

10.7. Автокөлікті алу, тіркеу, тасымалдау, пайдалану, сақтандыру және күтіп ұстауға байланысты барлық шығындарды (1-санатты жүлде) жеңімпаздар өз бетінше көтереді.

11. Науқан бойынша жүлделерді (негізгі және қосалқы) жеңіп алған жеңімпаздарды Банк осы Ереженің 10.2-тармағында көрсетілген Науқанның тиісті кезеңі аяқталғаннан кейін 24.12.2025 ж., 23.01.2026 ж. және 20.02.2026 ж. күндері Науқан Ережесінің талаптарын толық орындаған Науқан Қатысушыларының арасынан www.random.org сайтында кездейсоқ таңдау әдісімен айқындайды.

12. Ұтыс ойындары тікелей эфирде Банктің Instagram-дағы "eurasianbank" парақшасында 24.12.2025 ж., 23.01.2026 ж., 20.02.2026 ж. Астана қаласы уақыты бойынша сағат 16.00-де көрсетіледі.

13. Банк жеңген Қатысушыларға ұтыс туралы осы Ереженің 11-тармағына сәйкес жеңімпаздар анықталған күннен бастап, 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банк жүйесінде тіркелген Қатысушылармен (мобильді телефон/мессенджер) негізгі байланыс арналары арқылы (сағат 10:00-ден бастап 18:00-ге дейін күніне 3 рет байланыс орнату әрекеті) хабарлайды.

14. Егер жеңген Қатысушы Банк хабарламасына 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе жүлдеден бас тартса, Банк бірінші қосалқы жеңген Қатысушымен хабарласады, ал бірінші қосалқы жеңген Қатысушымен байланысу мүмкін болмаған жағдайда, екінші қосалқы жеңген Қатысушымен хабарласады және Ереженің 11-тармағына сәйкес әрі қарай жалғастырады.

15. Егер жеңген Қатысушы (негізгі және қосалқы) байланысқа шықпаса, хабарламаларға жауап бермесе, қажетті деректерді бермесе немесе Банк белгілеген мерзімде жүлделерді алу үшін өзге де іс-қимыл жасамаса, Банк мұндай Қатысушыны жүлдені алу құқығынан айырылды деп тануға құқылы. Бұл жағдайда жүлде талап етілмеген болып саналады және Банк меншігінде қалады.

Банк Науқанға Қатысушылардың келісімін алмай, осы жүлдені одан әрі пайдалану тәртібі мен мақсаттарын дербес айқындауға құқылы.

16. Осы Ереженің 8-тармағында көзделген жүлделерді алу үшін жеңген Қатысушы ұтыс туралы хабарламаны алған күннен бастап, 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке ЖСН-ын міндетті түрде көрсете отырып, Қазақстан Республикасы паспортының және/немесе жеке куәлігінің сканерленген көшірмесін (екі жағының) ұсынуы қажет (аты мен тегі төлем карточкасын алған кезде Банкке көрсетілген деректерге сәйкес келуі тиіс).

Банк жеңген Қатысушыға жүлдені беруге қажетті өзге де құжаттар мен/немесе мәліметтерді қосымша сұратуға құқылы.

Науқанның жеңген Қатысушысы осы Науқан Ережесінің 16-тармағында көрсетілген мәліметтер мен құжаттарды ұсынбаған жағдайда, жеңген Қатысушы Науқан талаптарын орындамаған болып есептеледі және Банк жүлдені тапсырудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады, ал жүлде талап етілмеген болып есептеледі.

Банк ешқашан электрондық хаттар, SMS-хабарламаларды жібермейді және Қатысушылардың және басқа клиенттердің банктік шоттарының нөмірлерін/фотосуреттерін, интернет-банкингтің пайдаланушы атын/құпия сөзін, SMS-хабарламалармен келетін бір реттік кодтарды, PIN-кодтарды, жеке кабинеттердің, әлеуметтік желілердегі аккаунттардың құпия сөздерін және т.б. қоса алғанда, құпия ақпаратты сұрап қоңырау шалмайды.

18. Банк жүлделерді осы Ереженің 14-тармағында көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап 1-санаттағы жүлделер үшін 60 (алпыс) күнтізбелік күн және 2-санаттағы жүлделер үшін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде тапсырады. Жүлдені алған кезде жеңген Қатысушы жеке басын куәландыратын құжатты ұсынып, жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюы тиіс. Жеңген Қатысушы жүлдені қабылдау-тапсыру актісіне қол қоядан бас тартқан жағдайда курьер/Банк өкілі жеңген Қатысушыға жүлдені тапсырудан бас тартуға құқылы.

19. Жеңген Қатысушы жүлдені Банкке қатыссыз кез келген себептер бойынша ала алмағаны үшін Банк жауапкершілікте болмайды.

20. Банк жеңген Қатысушылар алған жүлделердің одан әрі қарай пайдалануы үшін жауапты болмайды. Жүлделердің сыртқы түрі/пішіні/бейнесі және оларды пайдалану әсерлері, Науқанды өткізу шеңберінде таратылатын жарнамалық материалдарда көрсетілген (көрсетілуі мүмкін), нақты материалдардан өзгеше болуы және Қатысушылардың күткеніне толық жауап бермеуі мүмкін.

21. Егер Банк жеңімпаз деп жариялаған Қатысушы осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген талаптарды орындамаған себебінен Жүлде алмаған жағдайда, оны ол қайта талап ете алмайды. Мұндай жүлделерді алмағаны туралы шағымдар қаралмайды.

22. Жеңген Қатысушылар алған жүлделер айырбасталмайды және қайтарылмайды. Жүлделердің ақшалай баламасы берілмейді.

23. Банк Науқанға Қатысушылар мен барлық мүдделі тұлғаларға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Банктің ресми сайтында ақпарат жариялау арқылы Науқан мерзімдерін, талаптарын, жүлде қорын кез келген уақытта толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ Науқанның өткізілуін толықтай немесе бөлігін өз қалауы бойынша тоқтатуға, уақытша тоқтата тұруға, жоюға құқылы.

24. Банк Науқанға Қатысушының қателіктерінің, соның ішінде соңғының шығындарының салдары үшін жауапкершілікте болмайды.

25. Науқанға қатысу ниеті Банктің Қатысушы дербес деректерін Науқан өткізу мақсатында және осы Ережелерде көзделген тәртіпте кез келген тәсілдермен өңдеу үшін Қатысушының ерікті және саналы түрде берген келісімі (ерікті) болып табылады.

26. Науқанға қатысушының Науқанға қатысуға байланысты өз құқықтарын (оның ішінде жүлде алу құқықтарын) үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы жоқ.

27. Науқанның барлық нәтижелері, сондай-ақ Банк шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

28. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 327, 351-баптарының негізінде жүлделер төлем көзінен салық

салынатын табыстарға жатады. Салық агенті-Банк осы табыс (ұтыс) түрі бойынша ЖТС (жеке табыс салығы) есептеу және ұстап қалу шараларын жүргізеді.

29. Ережелерде көзделмеген жағдайларда түпкілікті шешімді Банк қабылдайды.

30. Банк келесілерге жауапты емес:

- Қатысушылардың Науқанға қатысу және жүлделерді алуға байланысты міндеттерді орындамағаны үшін (уақтылы орындамағаны);

- Қатысушылардың Науқанды өткізу және оған қатысу ережелерімен таныспағаны үшін;

- Қатысушылардан электрондық хаттарды, қоңырауларды, факсимильді және/немесе электрондық хабарламаларды алмағаны, оның ішінде пошта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен, Науқан өткізу кезінде пайдаланылатын интернет желісіндегі және/немесе байланыс арналарындағы техникалық проблемалар мен/немесе алаяқтық нәтижесінде алмағаны үшін;

- жүлделерді алуға қажетті құжаттар мен/немесе мәліметтерді Науқанда жеңген Қатысушылардан алмағаны үшін (уақтылы алмағаны);

- жүлделерді беруге қажетті байланыс деректері мен/немесе өзге де мәліметтер мен құжаттарды Науқанда жеңген Қатысушылардан толық емес және/немесе қате алғаны үшін.